

## 2011 жылы Бурабай ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күші жойған*

Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № А-12/582 қаулысы. Ақмола облысы Бурабай аудандық Әділет басқармасында 2011 жылы 17 қаңтарда № 1-19-191 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 28 желтоқсандағы № А-13/561 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 28.12.2011 № А-13/561 қаулысымен.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5 тармақшасына, 20 бабының 1 тармағына, 5 тармағының 2 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қаулысымен бекітілген, Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру ережесіне сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылы Бурабай ауданының ұйымдарында қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылсын.

2. 2011 жылы Бурабай ауданы бойынша ұйымдар тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты шарттары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Аудан әкімдігінің «2010 жылы Бурабай ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» 2010 жылғы 15 қаңтардағы № а1/12 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-19-175 тіркелген, 2010 жылғы 11 наурызында аудандық «Бурабай», «Луч» газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылған деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Б.Нұрпановаға жүктелсін.

5. Осы қаулы Бурабай ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Бурабай ауданының әкімі*  
«КЕЛІСІЛДІ»

*В.Балахонцев*

«Бурабай ауданының мемлекеттік мұрағаты» ММнің бастығы **М.Шәкиев**  
 «Ақмола облысы Щучинск қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі» ММнің бастығы **Н.Саманов**  
 «Бурабай ауданының Әділет басқармасы» ММнің бастығы **Ә.Түсіпбеков**  
 Бурабай аудандық сотының төрағасы **С.Мұхтаров**  
 Бурабай ауданының мамандандырылған әкімшілік сотының төрағасы **Н.Құрманғалиев**

Бурабай ауданы әкімдігінің  
 2010 жылғы 31 желтоқсандағы  
 № А - 12 / 582 қаулысына  
 қосымша

**2011 жылы Бурабай ауданында ұйымдар тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты шарттары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды**

№ р/н	Ұйымдардың атаулары	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Көлемі
1	2	3	4
1.	«Тазалық-Сервис» шаруашылық қүқығындағы коммуналдық кәсіпорны	жүргізу мемлекеттік	Қала көшелерін санитарлық тазалау, көркейту және жөндеу және 15000 м2 Ағаш отырғызу 400 дана
2.	«Ақмола облысы Щучинск қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Әскерге шақыру және тіркеу комиссиясы кезеңінде шақыру қағазын жеткізу арқылы көмек көрсету	2400 дана
		Әскерге шақырылушының іс қағазын толтыру	750 дана
3.	«Бурабай ауданының әділет басқармасы» мемлекеттік мекемесі	Тұрғындарды құжаттандыру, жылжымайтын мүлікті тіркеу және азаматтық хал актілерін жазу бойынша мұрағаттық құжаттарды рәсімдеуге көмек көрсету	1200 дана
4.	«Бурабай ауданының соты» мемлекеттік мекемесі	Соттық шақыру қағазын және хат-хабарын жеткізу	9000 дана
5.	«Бурабай ауданының мамандандырылған әкімшілік соты» мемлекеттік мекемесі	Соттық шақыру қағазын және хат-хабарын жеткізу	800 дана
6.	«Бурабай ауданының мемлекеттік мұрағаты» мемлекеттік мекемесі	Кітаптарды жаңғырту	200 дана
		Мұрағаттық мәліметтерді өңдеу	1500 дана
		«Жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысқа болжам жасау» Республикалық бағдарламаны	

7.	«Бурабай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	құрастыру үшін. Жұмыс берушілерден деректер жинау	896 дана
		Еңбекке жарамды жастағы жұмыс істемейтін тұрғындардан сауалнамалық деректер жинау	3850 дана
8.	«Бурабай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Қорғау және қамқоршылық органдарына құжат дайындауға көмек	1500 дана
9.	«Бурабай ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Объектілерді пайдалануға беру үшін қабылдау комиссияның актілерін рәсімдеуге және техникалық жұмыс өткізуге көмек көрсету	21000 дана
10.	«Бурабай ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жер пайдалану актілерін рәсімдеуге көмектесу	21000 дана
11.	«Бурабай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Кітапхана қорын жаңғырту мен жаңартуға көмектесу	10000 дана
12.	«Щучинск қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Учаскелік комиссияларға әлеуметтік картамен жұмыс істеуде көмек көрсету	900 дана
		Жеке тұлғаларға мүлік және жер салықтары туралы хабарламаларын жеткізу	12000 дана
13.	«Абылайхан селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Ауылды көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазалау	3000 м2
		Учаскелік комиссияларға әлеуметтік карталармен жұмыс істеуде көмек көрсету	400 дана
14.	«Веденов селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Ауылды көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазалау	2000 м2
		Учаскелік комиссияларға әлеуметтік карталармен жұмыс істеуде көмек көрсету	300 дана
15.	«Зеленобор селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Ауылды көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазалау	4000 м2
		Учаскелік комиссияларға әлеуметтік карталармен жұмыс істеуде көмек көрсету	700 дана
16.	«Златополье селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Ауылды көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазалау	3000 м2
		Учаскелік комиссияларға әлеуметтік карталармен жұмыс істеуде көмек көрсету	600 дана
17.	«Кенесары селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Ауылды көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазалау	3000 м2
		Учаскелік комиссияларға әлеуметтік карталармен жұмыс істеуде көмек көрсету	500 дана
18.	«Атамекен ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Ауылды көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазалау	3000 м2
		Учаскелік комиссияларға әлеуметтік карталармен жұмыс істеуде көмек көрсету	500 дана
19.	«Қатаркөл селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Ауылды көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазалау	3000 м2
		Учаскелік комиссияларға әлеуметтік карталармен жұмыс істеуде көмек көрсету	700 дана



Еңбек шарты	ең төменгі еңбекақыдан кем емес	жергілікті бюджет
Еңбек шарты	ең төменгі еңбекақыдан кем емес	жергілікті бюджет
Еңбек шарты	ең төменгі еңбекақыдан кем емес	жергілікті бюджет
Еңбек шарты	ең төменгі еңбекақыдан кем емес	жергілікті бюджет
Еңбек шарты	ең төменгі еңбекақыдан кем емес	жергілікті бюджет

Ескертпе: м2 – шаршы метр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК